

Бүгінде Абай оқулары жыл сайын еліміздің барлық аймақтарында ұйымдастырылып келеді. Дәл осындай "Абай оқулары" байқауы биыл ауданымызда мұғалімдер арасында ұйымдастырылды. Аталмыш жарысқа мектебіміздің ағылшын тілі пәні мұғалімі жас маман Мясникова Вероника Алексеевна өз үлесін қосты. Нәтижесінде жүлделі 3 орынға ие болды. Әдебиет эстафетасында көптің көзіне түсіп, көрермен көзайымына айналды. Абай мұрасын дәріптеу әр қатысушының негізгі мақсаты болды. Сол мақсатқа жете біліп, бәрімізге ортақ жеңіс сыйлады. Әріптесімізді жеңісімен құттықтаймыз!!!

